

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің жұмылдыру резервінің
материалдық құндылықтарын шығару (броньнан шығару тәртібімен)
жөніндегі тендерлік комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы
Янушкевич көшесі, 2

24.08.2015 ж.
сағ.: 15:00

Тендерлік комиссия құрамы: С.К. Сабырбаева – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің (бұдан әрі – ММРК) төраға орынбасары, тендерлік комиссияның төраға орынбасары;

комиссия мүшелері: Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы; М.Б. Мағұлов – ММРК Жұмылдыру бөлімшесінің бас сарапшысы; И.Ж. Бакова – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.

(Қатыспаған: А.Ә. Сәду – ММРК комитетінің төрағасы, тендерлік комиссияның төрағасы, науқастануына байланысты, Д.А. Нұрқанов – ММРК Бухгалтерлік есеп және қаржы басқармасының басшысы, еңбек демалысында, 2015 жылғы 21 тамыздағы № 56-д бұйрық).

Күн тәртібі:

1. № 5 лот бойынша Шығаруға жататын броньнан шығарылған жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының тізбесіне өзгерістер енгізу;

Күн тәртібі мәселелерін карау мен талқылау нәтижесінде, сонымен қатар 2015 жылғы 17 тамыздағы № 40-03-13/93вн қызметтік жазба негізінде, тендерлік комиссия ашық түрде дауыс беру арқылы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қосымшаға сәйкес Шығаруға жататын броньнан шығарылған жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының тізбесіне өзгертулер енгізілсін.

2. Бұл ретте бұл Хаттама (www.kgmr.gov.kz) сайтқа орналастырылғаннан бастап күнтізбелік 15 күн өткеннен кейін № 5 лот бойынша үміткерлердің өтінім беруіне болады.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 3 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын»

деп дауыс берді.

Handwritten mark

Handwritten signatures

Тендерлік комиссия отырысында видео жазбалары жүргізілді (қосымшамен ұсынылады).

Тендерлік комиссия отырысы 2015 жылғы 24 тамыздағы сағ. 15:15 бітті деп есептелсін.

Қосымша: 7 бетте.


Комиссия төрағасының орынбасары:

Сабырбаева С.К.




Комиссия мүшелері:

Ахметов Б.Қ.



Мағұлов М.Б.



Комиссия хатшысы:

Бакова И.Ж.

